

**"НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ"  
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ  
ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ  
БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘДІСНАМАСЫ**

Оқу-әдістемелік құрал

Астана, 2017





**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ  
«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ» ФИЛИАЛЫ**

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН  
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘДІСНАМАСЫ**

*Оқу-әдістемелік құрал*

**Астана, 2017**

ӘОЖ 373  
КБЖ 74.26  
М65

### **Пікір білдірушілер**

**Д.Н.Исабаева** - п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**Д.А.Ускенбаева** – п.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО» АҚ Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының филиалы

М65 Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы: Оқу-әдістемелік құралы / О.И.Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. - 38 б.

ISBN 978-601-328-250-3

Оқу-әдістемелік құралда критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамасын, мақсаттарын, құрылымын және оны іске асыру механизімін түсіндіретін әдіснама берілген. Критериалды бағалау жүйесін жасау және енгізу сыныпта тиімді ынталандырушы орта құруға, оқушылар қандай білім мен дағдыларды меңгергені туралы ақпараттарды жинауға және талдауға бағытталған. Бұл білім беру үдерісін құрудағы келесі қадамдар туралы негізді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Осы құрал Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген және мұғалімдерге, оқытушыларға, педагогикалық мамандықтағы студенттерге, білім басқармасының әдіскерлеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

ӘОЖ 373  
КБЖ 74.26

ISBN 978-601-328-250-3

© «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы  
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017

## Мазмұны

Кіріспе .....	4
1. Бағалаудағы халықаралық тәжірибе .....	6
2. Критериалды бағалау жүйесінің қағидаттары, мақсаты мен міндеттері ..	11
3. Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық негізі.....	14
4. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны мен құрылымы .....	25
4.1. Қалыптастырушы бағалау .....	26
4.2. Жиынтық бағалау.....	27
Қорытынды .....	34
Әдебиеттер тізімі.....	35

## Кіріспе

Бағалау жүйесі оқушылардың оқу жетістіктері туралы ақпараттарды алуға және қолдануға бағытталған саясаттың, түрлі құрылымдар мен құралдардың, тәжірибелердің байланысы болып саналады [Кларк, 2011]. Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесінің қазақстандық әдістемесі педагогикалық өлшеулер аясындағы білім беру саясатын дамытудың толыққанды тәсілдерін көрсетіп, бағалаудың барлық элементтерін қамтиды (ережелер, түрлер, механизмдер, рәсімдер, құралдары, есеп беру және т.б.).

Әдіснаманы жасау дәстүрлі бағалау жүйесін талдауды және сыртқы сарапшылардың ұсыныстарын есепке ала отырып (Дүниежүзілік банктің елдік есебі SABER, 2012; ЭЫДҰ Қазақстандағы орта білім беру саласындағы ұлттық білім беру саясаты, 2014), жетекші халықаралық тәжірибелерді, идеяларды шоғырландыру және дұрыс шешім қабылдау мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі негізінде жүргізілді.

Халықаралық тұрғыдан оқу маңыздылығының және оның нәтижелерін өлшеудің қажеттілігінің мойындалғанына қарамастан тиімді бағалау жүйесі бар мемлекеттер көп емес [Кларк, 2011]. Бұл елдердің (Ұлыбритания, Сингапур, Финляндия, Канада және т.б.) бағалау механизмдерінде елеулі айырмашылықтар бар, дегенмен олардың жетістіктері қамтамасыз ететін ортақ тұжырымдамалық тәсілдемелер қатары анықталады:

1. бағалау критерийлерге негізделеді;
2. бағалау оқу барысындағы үздіксіз мәліметтерді жинауды қарастырады;
3. бағалау нәтижелері оқытуды түзету, оқушыларды ынталандыру, баға қою, есеп беруге дайындалу, оқу бағдарламалары мен жоспарларын жетілдіру, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қолданылады.

Көптеген ірі көлемдегі жетістігі бар бағалау жүйелерінің (SAT, PISA, GRE, GMAT, TIMMS және т.б.) бірыңғай жалпы сипаттамасы бар – олар үкімет, ЖОО немесе жұмыс берушілер және т.б. үшін жасалған, тек емтихан тапсырушылар үшін емес [Pellegrino, 2004]. Бүгінде тек балды тіркейтін емес, оқушының қаншалықты ілгерілеуі бар екенін көрсететін, білім беруді қамтамасыз ететін бағалау жүйесі қажет. Дүниежүзілік банк сарапшыларының пікірінше, үнемі мониторинг жүргізуге және оқушылардың оқу үдерісіне қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін жүйені құру мәселесі шешілмейінше, мемлекет өз дамуында білім беру әлеуетін тиімді қолдана алмайды.

Халықаралық және отандық аналитикалық зерттеулер (ААО, Назарбаев Университеті, ЭЫДҰ, Дүниежүзілік Банк) бағалау жүйесінің айқындығын, объективтілігін, валидтілігін және нақтылығын қамтамасыз ететін, тиімді жүйені құрастырып, енгізу үшін алдымен, дифференциалды критерийлер мен стандарттардың қажеттілігін көрсетеді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы Қазақстанда жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын бағалауға мүмкіндік беретін критерийлер негізінде бағалау жүйесін енгізу, соған сәйкес мұғалімдерді дайындауды ұйымдастыру, білім берудің әр кезеңінің аяғында ұлттық стандартталған тестілеуді өткізу және мәліметтерді тиімді әрі сенімді жинақтау жүйесін құру қажеттілігін атап өтті.

Жаңа жүйені құрастыру кезінде біз төмендегідей негізгі басымдықтарды бағдарға алдық:

Біріншіден, оқушылар үшін оқу үдерісінің құндылығына қол жеткізетіндей, яғни, оқу сандық баға алу үшін емес, білім мен дағдыны меңгеруге бағыттауға жағдай жасалады.

Екіншіден, нашар бағалардың «салмағы» жойылады: оқушылардың бұрын алған нәтижелеріне қарамастан жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндіктері болады. Олай болса, оқушы бір қанағаттанарлықсыз баға алғандықтан жақсы тоқсандық бағаға үміттеніп алмайтын жағдайлар туындамайды.

Үшіншіден, объективтілікке қол жеткізу – бұл бірыңғай талаптары, бағалау критерийлері және сапалы бағалау құралдары бар жүйе. Баға балаларға оқуды дамытуға және жоғары көрсеткіштерге жетуге көмектесуі қажет. Ол үшін оқушылар баға қалай және не үшін қойылатынын, қандай критерийлер қолданылатынын түсінуі керек. Сыныптағы тиімді бағалау балаларға еңбексүйгіштік, әділдік, адалдық, жауапкершілік, өзін-өзі реттеу және т.б. сияқты дұрыс қасиеттерді дарытады.

Төртіншіден, баға мемлекеттік органдарды дер кезінде білім беру қызметі сапасының жағдайы туралы, білім беру бағдарламаларын қалай дамыту, педагогтерді кәсіби тұрғыда қалай және неге дайындау керектігі туралы ақпараттандырып отыруы қажет.

Осылайша, оқушыларды бағалау жүйесін реформалаудың негізгі элементтері – миссияның жаңартылуы және бағалау мақсаттарының анықтығы, бағалау критерийлері мен сапалы бағалау құралдарын құрастыруы, мұғалімдерге жүйелі қолдау көрсетілуі, стандартталған есеп беру механизмі және білім беру сапасының мониторингі болуы қажет.

## 1. Бағалаудағы халықаралық тәжірибе

Білім беру саласы сапалық және сандық көрсеткіштер жиынтығымен сипатталады, бұл оның ағымдағы жағдайын түрлі аспектілерден бағалауға мүмкіндік береді (бағдарламалардың тиімділік деңгейлері, қолданылған адами, ақпараттық, қаржылық және т.б. ресурстардың деңгейі). Бұл ретте орта білім берудегі бағалау жүйесіндегі маңызды көрсеткіштердің бірі оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі болып табылады. Аталған деңгей мектептегі білім беру әрекеттерінің қалай қызмет ететіні, дамитыны, білім алушыларға және олардың нәтижелеріне қалай әсер ететіні туралы ақпараттарды ұсынады. Сондықтан оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің қаншалықты сапалы құрылуы білім беру үдерісіндегі түрлі деңгейлерде қабылданатын шешімдерге (республика, облыс, қала/аудан, мектеп, сынып, оқушы) және одан арғы қадамдар сапасына тікелей байланысты.

Оқушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесі халықтың функционалдық сауаттылығын дамытуға әсер ететін бірден-бір жетекші фактор болып табылады. Бағалау оқу үдерісіне қатысты тек бақылаушы элемент қана болмай оқытудың маңызды бөлігі болатындай дәрежеге ауысты.

Халықаралық мектептердегі бағалау моделіне жүргізілген қысқаша шолу мектептегі бағалауды түсінуде және оны жүзеге асырудың жолдарының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауға мүмкіндік берді. Әрине, бағалаудың дәстүрлі жүйесі халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, білім беруді реконцептуализациялауды және мұқият қайта ойластыруды талап етеді.

### *Англия*

Англияда критериалды бағалау жүйесі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылып келеді. 1988 жылдан бастап алғашқы ұлттық білім беру бағдарламасына сәйкес, елдегі мемлекеттік емтихандармен қатар бірыңғай критерийлер негізінде мектепшілік критериалды бағалау жүйесі қызмет ете бастады. 1998 жылдан бастап мектепшілік критериалды бағалау жүйесінде оқу үшін бағалау фокусын әрі қарай дамыту бағыты анықталды (assessment for learning). Қалыптастырушы бағалау немесе оқу үшін бағалау оқушылар мен олардың мұғалімдерінің өз оқуы үдерісінде білім алушылар қай тұста екенін, әрі қарай қайда жылжуы қажеттілігін және мұны қалай жақсы қалыпқа келтіруге болатынын шешуде қолданатын қолжетімді мәліметтерді интерпретациялау, іздеу үдерісін болжайды [Black, Wiliam, 2009].



Англиядағы оқу үшін бағалау жүйесін төмендегідей сипаттамалармен беруге болады [Болотов, Вальдман, 2013]:

- оқыту үдерісі мен оқу толық кіріктірілген және олардың ажырамас бөлігі болып табылады;
- мұғалімдерге де, оқушыларға да оқу мақсаттарын талқылау, келісу ұсынылады;
- оқушылардың оқу мақсаттарына жетуде қажетті көмек көрсетуге бағытталады;
- оқушыларды өзін-өзі бағалауға және өзара бағалау үрдісіне қатыстырады;
- оқушылардың келесі қадамдарын анықтау үшін кері байланысты қамтамасыз етеді;
- әр оқушының жақсы жетістіктерге жетуіне болатындай сенімділігін шыңдайды;
- мұғалімдер мен оқушыларды бағалау мәліметтерін қарастыру және рефлексиялау үдерісіне қатыстырады.

Зерттеушілер мен практиктердің пікірінше, мектепшілік критериалды бағалау жүйесі мұғалімге оқушының қажеттілігі туралы толық ақпарат алуына мүмкіндік береді, алынған нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығын арттырады, бұл барынша кең ауқымды дәлелдерді ұсынады [Mansell, James, Assessment Reform Group, 2009].

Мектепшілік критериалды бағалау жүйесімен қатар оқушылардың нәтижелерін қорытынды бағалау жүйесі де жұмыс істейді. Қорытынды бағалау 1 негізгі кезеңді (7 жастағы балалар), 2 негізгі кезеңді (11 жастағы балалар), 3 негізгі кезеңді (14 жастағы балалар) аяқтағаннан кейін, «GCSE» (16 жастағы балалар) және «A level» (18 жастағы балалар) ұлттық емтихандарды ретінде өткізіледі. Соңғы екеуі мектептегі білім беруді аяқтау кезеңдері болып табылады.

### ***Финляндия***

Финляндияның бағалау жүйесі оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған және қалыптастырушы сипаттағы басымдыққа ие. Сондықтан бағалаудың негізгі мақсаты оқыту мен оқуды жетілдіру болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау мұғалімдерге оқушылардың белгілі бір тақырыпты меңгеру кезінде кездесетін қиындықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер тарапынан оқушыларға дер кезінде қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді, бұл жерде баға тек балл ғана емес, одан да маңызды болып есептеледі. «Мұғалімдер оқушыларға бұл бағалар нені білдіретінін және олар өздерінің оқу үдерісін қалай жетілдіруге болатынын түсіндіруі қажет» [Финнің білім беру

мәселелері бойынша ұлттық кеңесі, 2010].

Финнің білім беру мәселелері бойынша ұлттық кеңесі (2004) бағалауды міндетті және ұлттық критерийлерге сәйкес болып табылатын екі категорияға бөледі: оқу үдерісіндегі бағалау (қалыптастырушы) және оқуды аяқтаған кездегі қорытынды бағалау (жылдық, біліктілік).

Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты зерттеу дағдыларының өсуіне жәрдемдесу, сондай-ақ оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдысын дамыту болып табылады.

Жылдық бағалаудың мақсаты оқу үдерісінде оқушылардың ілгерілеуі туралы кері байланысты және білім сапасын арттыру бойынша ұсыныстарды қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі білім берудегі қорытынды біліктілік бағалаудың мақсаты оқушылардың соңғы 2 жылдағы оқу жетістіктері деңгейін анықтау болып табылады.

Білім беру бағдарламаларын жаңарту үдерісінде мұғалімдер мен мектептің өзін-өзі бағалауы, ұлттық стандартталған бағалауды өткізу кезінде алынатын мәліметтер қолданылады.

### ***Канада***

Канаданың бағалау жүйесінде жетістіктердің негізгі өлшеуіші жалпы тапсырмалар көлеміне дұрыс және барынша толық жауаптың пайыздық арақатынасы болып табылады. Барлық пәндер бойынша алынған бағалар негізінде орта балл есептеледі (пайыз). Келесі жылға өту үшін 50% артық жинау қажет.

Оқу жетістігін бағалаудың стандартты тәсілі қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұратын мектепшілік бағалау болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау диагностикалық сипатқа ие және оқу жылы барысында жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Оның негізгі мақсаты оқушылардың күнделікті ілгерілеуін бақылау және оқыту мен оқу үдерісіне дер кезінде түзетулер енгізу үшін қолайлы жағдай жасау. Бағалау рәсімдерінің ажырамас бөлігі оқушылардың қойылған мақсатқа жетуінде қажетті көмек көрсетуге бағытталған кері байланыс беру болып табылады.

Жиынтық бағалау тіркейтін сипатқа ие, яғни, белгілі бір уақыт аралығында оқушылардың ілгерілеуге жетуі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретіндей оқу барысын тіркеп отыруға бағытталған. Жиынтық бағалау оқу бөлімін, әрекетті, курсты, тоқсанды немесе бағдарламаны аяқтаған кезде өтетін алдын ала белгіленген іс-шара түрінде жоспарланады және баға қою мен есеп беру үшін қолданылады.

Канаданың бағалау жүйесі төмендегідей қағидаттарға сәйкес құрылады:

- баға барынша объективтілікті қамтамасыз ететіндей әдістердің көптүрлілігіне негізделуі қажет;
- баға және нәтижелерді талдау мұғалімнің міндеттеріне жатады: мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, олармен, олардың ата-аналарымен бірге қызмет жасауға міндетті;
- бағалау нәтижелері оқу мақсаттарына қатысты оқушылардың ілгерілеуі мен шегінісін көрсететіндей болуы керек.

### ***Сингапур***

Сингапурде оқушылардың старттық деңгейін есепке ала отырып, түрлі деңгейдегі бағдарламалар бойынша дифференциалды оқыту ұйымдастырылады. Бұл елдегі оқу жетістігін бағалау жүйесі сапа мен бағаның үздіксіздігіне бағытталған. Сапаға қол жеткізу білім беру үдерісінің қатысушыларының барлығына бірдей түсінікті болып табылатын бағалау рәсімдері, әдістері мен түрлерінің айқындығы арқылы жүргізіледі. Оқу жетістігін бағалау оқуда жеке тәсілдерді қолдану арқылы оқу бағдарламасының мазмұны негізінде және әр оқушының қабілеті мен қызығушылығын, ынталануын есепке ала отырып, жеке траекториясын анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Сингапурде бағалаудың екі негізгі түрі қызмет етеді: мектепшілік және сыртқы.

Мектепшілік бағалау нақты уақыт аралығында оқу мен оқытуға қолдау көрсету үшін ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді. Мектепшілік бағалау тәжірибесінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау қолданылады. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері оқушылардың оқу үдерісін жақсарту үшін қолданылады, жиынтық бағалаудың нәтижелері оқушылардың жеке ілгерілеуіне және оқу бағдарламасын жетілдіруге қатысты шешім қабылдау үшін қолданылады.

Сыртқы бағалау ауқымды түрде өткізіледі. Бұл оқу жетістіктерін мониторингілеу, барлық деңгейдегі жүйе әрекеттері туралы анық ақпараттарды алу және барлық мүдделі тараптар үшін есеп дайындау мақсатында жүргізіледі.

Сингапурдің көптеген мектептерінде Кембридж Емтихан кеңесінің бағалау жүйесі қолданылады: оқушылар негізгі мектептің төртінші немесе бесінші оқу жылында GCE ‘O’ Level емтиханын, жоғары мектептің екінші немесе үшінші оқу жылында GCE ‘A’ Level емтиханын тапсырады.

Сингапурдің оқу жетістіктерін бағалау жүйесі фактологиялық білімді емес, мақсаттар, тапсырмалар мен күтілетін нәтижелерге сәйкес алған білімін қолдана алу дағдысын бағалайды.

## *Ресей*

Ресейдің қазіргі қолданыстағы бағалау жүйесі қазақстанның дәстүрлі бағалау жүйесі сияқты 1937 жылдан бері қызмет етеді және объективтілігі мен анықтығының жоқтығы тұрғысында бірнеше рет білім беру саласына қатысты қоғам тарыпынан сынға ұшырады. Ресейдің мектептегі білім беру жүйесінде келесі бағалау түрлері қолданылады: сыныпшілік бағалау, аттестациялық емтихандар (ГИА және ЕГЭ).

Сыныпшілік бағалау баға қою үшін, қосымша сабақты қажет ететін оқушыларды анықтау үшін, оқушылардың оқу жетістіктері туралы ата-аналарды ақпараттандыру тәсілдерінің бірі ретінде қолданылады. Бағалау ағымдағы, аралық, қорытынды бағалаулардан тұрады.

Ағымдағы бағалау оқушылардың пәнге қатысты әрекеттерін түзетуге, оқушылардың өз жетістіктерін бағалауға көмектесетін және жоғары нәтижелерге жету жолдарын анықтайтын кері байланыс беруге бағытталған.

Аралық бағалау оқушылардың пәндер бойынша білімді меңгеру динамикасын тіркеу және жеке ілгерілеуін көрсету мақсатында өткізіледі. Ресей Федерациясының «Білім туралы» Заңы мен жарғысына сәйкес білім мекемелері өз бетінше оқушыларды бағалау жүйесін, формасын, тәртібін және аралық бағалаудың мерзімін таңдауға құқылы.

Қорытынды бағалау негізгі білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін және білім берудің келесі кезеңіне өту туралы шешім шығару үшін критерий ретінде қызмет етуін көрсетеді.

Аттестациялық емтихандар (ГИА және ЕГЭ) – бұл орта білім берудің оқу бағдарламалары бойынша мемлекеттік қорытынды аттестациялау формасы. Бұл емтихандар оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында мектепке қатысты емес сыртқы қызметтермен өткізіледі.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін бақылаушы өлшеуіш материалы ретінде стандартталған формадағы тапсырмалар кешені қолданылады.

## 2. Критериалды бағалау жүйесінің қағидаттары, мақсаты мен міндеттері

Критериалды бағалау жүйесі бағалау рәсімдерінің сапалылығына, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігіне және әр оқушының оқудағы қажеттілігіне бағытталған.

Бағалау ұғымы латын тілінде «*assessio*» деген сөзбен беріледі. Оның мағынасы «бірге отыру» дегенді білдіреді. Бағалау кезінде мұғалім оқушымен «отырады», оқушының рәсімді қолдануы үшін ғана емес, рәсімді онымен бірге және ол үшін өткізеді. Сондықтан, критериалды бағалау жүйесінің негізгі басымдықтары оқушыларды дамыту, олардың оқуға деген қызығушылығын, ынтасын арттыру, бағаға қатысты қобалжуын, қорқынышын бағалау рәсімдеріне қатыстыру және түсіндіру арқылы азайту болып табылады. Егер анық және өлшенетін бағалау критерийлері болса, әр оқушыға және оның ата-анасына түсінікті болса бұған жетуге болады. Нақты жасалған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, оқушы да мыналарды түсінетін болады:

- Оқушы оқудың қай сатысында?
- Ол өзі оқуда неге талпынады?
- Оның оқуда күтілетін нәтижелерге жетуіне көмектесу үшін не істеу қажет?

**Критериалды бағалаудың мақсаты** бағалау критерийлері негізінде оқушылардың оқу нәтижелері туралы объективті ақпараттар алу және оны оқу үдерісін әрі қарай жетілдіру үшін мүдделі барлық қатысушыларға ұсыну болып табылады.

### **Критериалды бағалаудың міндеттері:**

1. Білім беру қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін объективті және айқын бағалау жүйесінің қызмет етуі.
2. Халықаралық тәсілдемелер мен стандарттарға сәйкес бірыңғай, сапалы бағалау механизмдерін құру.
3. Бағалау әрекетінде мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру.
4. Оқушылардың өз оқуына деген жауапкершілігін арттыру және оларды өз бетінше оқу дағдыларына дағдыландыру үшін жағдай жасау.
5. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жетілдіру.
6. Оқушылардың күтілетін нәтижелерге жетуін бағалау үдерісін, соның ішінде жоғары деңгей дағдыларын (талдау, жинақтау, бағалау) автоматтандыруға және дербестендіруге мүмкіндік беретін тапсырма үлгілері қорын құру.
7. Объективті, үздіксіз, анық ақпараттарды ұсыну: оқушыларға олардың оқу сапасы туралы, мұғалімдерге оқушыларының ілгерілеуі туралы, ата-

аналарға оқу нәтижесіне жету деңгейі туралы, басқару органдарына ұсынылатын білім беру қызметінің сапасы туралы.

8. Жинақтау үдерісін белсендіру және ақпараттар ұсыну үшін электрондық журналды қолдану.

9. Мемелекет, облыс, аудандық барлық мектептер, жеке мектептер, әр оқушы деңгейінде бөлімдер мен тақырыптар аясындағы оқу бағдарламаларын меңгеруге қатысты мониторингті қолдану.

10. Стандарттарды, оқу бағдарламаларын жетілдіру және басқарушылық тиімді шешім қабылдау үшін зерттеу және талдау жүргізу.

Критериалды бағалау оқу үдерісінде белгіленген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады (1-сурет).



1-сурет. Критериалды бағалаудың қағидаттары

Білім беру сапасын арттыру үшін ынталандырушы орта құру арқылы тиімді бағалау жүйесін жасауда келесі негізгі жағдайларды қамтамасыз ету қажет:

Білу деңгейінен бағалау деңгейіне дейін - Б.Блумның таксономиялық тәсіліне сәйкес нақты күтілетін нәтижелерге бағытталған және оқу мақсаттары жүйесін жүзеге асыратын *стандарт пен оқу бағдарламаларын құрастыру* (Кіріктірілген білім беру бағдарламаларын, пәндер бойынша оқу бағдарламаларын қараңыз).

Білім беру ұйымдарында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды өткізудің тәртібін анықтайтын *нормативтік-құқықты қамтамасыз ету*. Бұл бірыңғай стандарттар құрастыруға, нақты рәсімделген механизмдерді жасауға, барлық рәсімдерді жүзеге асыруға және үйлестіруді ұйымдастыруға мүмкіндік береді (*Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта*

білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы. Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібін қараңыз).

Басқарудың ұйымдық құрылымын анықтайтын және бағалау жүйесін енгізу мен үйлестіру кезінде есеп жүргізетін ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Аталған жағдайды жүзеге асыру аясында бағалау үдерісінің мониторингісін жүйелі өткізу (жиынтық бағалау мәліметтері негізінде өткізіледі және қосымша іс-шараларды талап етпейді), бағалау жүйесінің тиімділігін зерттеу және бағалау үдерісінің қатысушыларының пікірін танып білу мәселелерін қарастыру қажет. Көптеген ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметті жүзеге асыруды критериалды бағалау бойынша өңірлік, мектеп үйлестірушілері жүргізеді (Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықты қараңыз). Өңірлік үйлестірушілер қалалық/аудандық білім басқармасы әдіскерлері ішінен, мектеп үйлестірушілері жалпы білім беретін мектеп директор орынбасарлары арасынан анықталады.

Бағалау бойынша үйлестірушілердің міндеттерінің бірі озық іс-тәжірибені зерделеу, талдау, енгізуге бағытталған педагогтердің кәсіби қоғамдастығын дамыту болып табылады.

*Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету*, критериалды бағалауға қатысты ұсыныстар мен оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру, мұғалімдердің бағалауға қатысты тәжірибелерін дамыту, стандарттау мақсатында мұғалімдерге бағалау құралдарының үлгілері бар жинақтарды ұсыну (Пәндер тұрғысында қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинақтарын, жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныстарды қараңыз).

*Ақпараттық қамтамасыз ету*, рәсімдерді цифрландыру үшін автоматтандырылған ортаны құрастыру бойынша IT-шешімдер және білім беру үдерісіндегі барлық қатысушылардың өзара онлайн әрекеті: электрондық журнал мен күнделік, тапсырмалар қоры, орталық мұрағат және т.б. Бұл әр оқушының жеке траекториясын құру арқылы дербес бағалауға мүмкіндік береді (Оқушылар жұмысының орталық мұрағатын ұйымдастыру бойынша нұсқаулығын, «Жүйелік-әдістемелік кешен» сайтының (<http://smk.edu.kz/>) қараңыз).

*Кадрлық қамтамасыз ету*, бағалау жүйесін жүзеге асыру мәселелері бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін жүйелі арттыру (Оқушыларды критериалды бағалау мәселесі бойынша біліктілікті арттыру курстарын қараңыз).

*Психологиялық-педагогикалық кеңес беру* – оқу нәтижесіне қатысты оқушылардың жауапкершілігін, белсенділігін, жұмыла әрекет етуін арттыру үшін қолайлы орта құру және мектеп пен ата-аналар қоғамдастығы арасында ынтымақтастық орнату.

### **3. Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық негізі**

«Критериалды бағалау» терминін ең алғаш 1963 жылы оқыту мен оқу теориясына маңызды үлес қосқан американың педагог-психологі Роберт Глейзер қолданды. Глейзердің пікірінше, жетістіктерді өлшеу тұжырымдамасы негізінде білімнің толық болмауынан идеалды нәтижеге дейінгі үздіксіз білім алу үдерісінің түсінігі жатыр.

Глейзер критериалды бағалауды типтік мінез-құлық модельдерінің жинағын анықтауға ықпал ететін және оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлеріне қол жеткізу мен әлеуеті арасындағы сәйкестік үдерісі ретінде сипаттайды. Бұл оқушылар әрекеті алдын ала анықталған критерийлердің бекітілген жинағы арқылы бағаланатынын білдіреді. Аталған жағдайда қолданылған «критерий» термині қорытынды іс-әрекеттерге аса қатысты емес. Бағалау критерийі оқушылардың нәтижелері туралы ақпараттар алу қажет болған жағдайда оқудың барлық кезеңінде белгіленуі мүмкін. Глейзер критериалды стандартқа қатысты бағалау оқушының қолынан келетіні не келмейтіні, яғни, басқа оқушылардың жетістігіне тәуелділікті және салыстыруды есепке алмағанда, әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы нақты ақпараттар береді деп атап көрсетеді.


Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу мен бағалаудың өзара тығыз байланыстылығына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдемесін қамтамасыз етуге негізделген [Boyle, Cherles, 2010]. Бұл теориялық негіздемені және бағалаудың барлық элементтері арасындағы өзара байланысты орнатуды болжайды (оқу мақсаттары, бағалаудың түрлері, құралдары мен нәтижелері). 2-суретте критериалды бағалау жүйесі әдістемесінің құрылымы берілген.

Әдістеменің негізгі идеялары критериалды бағалау жүйесінің төмендегі сияқты сипаттамаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқу мен бағалаудың бірлігіне негізделеді;
- оқудағы ілгерілеуді қамтамасыз етудің толыққанды тәсілдемесін қалыптастыруға және оқушылардың оқу үлгерімін қадағалауға бағытталады;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарын жүзеге асыруды және білім арудың дәлелдерін жинаумен дағдыларды дамытуды қамтамасыз етеді;



- әр сынып үшін пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде бағалаудың формасы мен тәсілдерінің әр түрлілігінен тұрады.



## 2-сурет. Критериалды бағалау жүйесінің әдістемесі

### *Құзыреттілік тәсілдеме*

Құзыреттілік тәсілдеме оқудың белгілі бір кезеңінің аяқталуына байланысты күтілетін нәтижелерге оқушылардың сәйкестік дәрежелерін анықтауға бағалаудың бағдарлануын қажет етеді. Күтілетін нәтижелер білім беру стандарттары аясындағы оқу бағдарламаларын меңгеру қорытындысы бойынша қалыптасуға тиісті білімде, білікте, дағдыда, қабілеттілікте және оқушылардың тәжірибесінде көрінеді.

ЭЫДҰ баяндамасында құзыреттің үш категориясын атап көрсетеді [ЭЫДҰ, 2003]:

- құралдарды интерактивті қолдану: сөйлеу, символдар мен мәтін, білім мен ақпарат; технологиялар.

- әркелкі топтардың өзара әрекеттері: басқалармен жақсы қарым-қатынаста бола білу қабілеті, командада жұмыс жасау мен ынтамақтасу, келеңсіздіктерді басқару және шешу.

- өз бетінше әрекет ету: барынша кең ауқымдағы көріністі көре білу және әрекет ету қабілеті, өмірлік жоспарлар мен жеке жобаларды

калыптастыру, жүзеге асыру, құқықты, қызығушылықты, нормаларды және қажеттіліктерді қорғау, сақтап қалу.

Білім берудегі құзыреттілік тәсілдеме адамды өмірде қажетті құзыреттерді алу арқылы социумда қызмет етуге, әрекет етуге дайындау қажеттілігін анықтайды. Құзыреттілік тәсілдеме нәтижелерін ұсыну деңгейінің бірі *функционалдық сауаттылық* болып табылады. Функционалдық сауаттылықтың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталған. Функционалдық сауаттылықтың мақсаттарының бірі тез өзгеретін әлемде білім алудағы қажеттіліктерді қанағаттандыратын, әлеуметтік бейімделу мен жетістікті қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі азаматтардың зияткерлік, рухани және дене дамуын қалыптастыру болып табылады.

3-суретте «жасай алу қабілеттілігінен» «жасай алатынына сенімділігіне» дейінгі әрекеттер сипаттамасы дифференциация арқылы өтетін құзыреттіліктер деңгейін анықтайтын үдерістер берілген [Race, 1993].



3-сурет. «Құзыреттіліктер сәулесі»

Критерийлер негізінде бағалау үдерісі барысында оқушылардың біртіндеп өздерінің құзыреттілік әлеуетін ұлғайтуы және «жасай алатынына сенімді» (3-сурет) деңгейіндегі күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі болжанады.

Осылайша, құзыреттілік тәсілдемеге сәйкес оқу бағдарламасын меңгеру нақты нәтижелер арқылы бағаланады, оны өлшенетін және

бақылауға икемді бағалау критерийлеріне сәйкес оқу мақсаттарына жету айқындайды.

### ***Кері дизайн***

Мұғалімнің әрекетіндегі «оқу мақсаттары – сабақ – бағалау» реттілігі классикалық болып келеді. Алайда білім беру үдерісін жобалаудың заманауи моделі аталған позицияны білім, ептілік, дағдыларды меңгеру мен бағалаудың (нені үйретіп және нені бағалау арасындағы қарама-қайшылық) арасындағы сәйкессіздіктің жоғары қаупін ескере отырып қайта қарастыруды қажет етеді.

Кері дизайн – бұл негізгі критерийі мазмұн (контент) емес, жоспарланған оқу нәтижелері болатын [Велединская, Дорофеева, 2014] білім беру үдерісінің педагогикалық жобалаудың арнайы технологиясы. Тәжірибе көрсеткендей, мұғалім алдымен бағалау үдерісінің оқу мақсатарын анықтап, жобалап және қарастырғаннан кейін жоспарлау және оқушыларды оқыту әрекеті тиімді екенін көрсетті.

Кері дизайн технологиясы аясында білім беру үдерісін жобалаудың үш кезеңін жүзеге асыру көзделеді [Wiggins, Tighe, 2008]:

1-кезең: мақсаттар мен қалаулы нәтижелерді анықтау, яғни, «Оқушы нені білуі, түсінуі және жасай алуы қажет?» деген сұраққа жауап беру;

2-кезең: лайықты дәлелдерді анықтау, яғни, «Оқушылардың қалаулы нәтижелерге жетуі мен оның стандартқа сәйкестігінің дәлелі не болып табылады?» деген сұраққа жауап беру;

3-кезең: оқу мен оқушылардың нәтижелерге жету үдерісін жоспарлау.

Мұғалімге толық оқу-әдістемелік кешенді (оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар үлгілерінің жинағы, мұғалімдер мен т.б. үшін жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстары) алдын ала ұсыну кері дизайнде «оқу бағдарламасы – бағалау үдерісі – оқу мен оқыту» білім беру үдерісін жобалауға мүмкіндік береді. Бұл оқу үдерісін оқу мақсаттарына жетуге бағдарлауға, ал бағалау оқу қорытындысы бойынша күтілетін нәтижеге сәйкестік дәрежесін орнатуға мүмкіндік береді.

### ***Оқудың әлеуметтік-конструктивистік теориясы***

Критериалды бағалау жүйесі оқудың әлеуметтік-конструктивистік көзқарасына сүйенеді. Оқытудың әлеуметтік-конструктивистік теориясы жеке-тұлғалық, ұжымдық, топтық оқыту үдерісінде әлеуметтік құрылымдардың пайда болуына ерекше назар аударады.

Дэвис және Херштің (1981) ойынша, оқуға конструктивистік көзқарасы бар мұғалім оқу мен бағалау білім мен дағдыны дамытуға бағытталғандығын түсінеді. Білім мен дағды танымның келісілген саласы ретінде

қарастырылады, яғни, оқушы сылбыр білім алушы және бағалану нысанасы болуды тоқтатып, аталған үдерісті «құраушы/жасаушыға» айналады. [Davis, Hersh, 1981].

Пиажениң (1967) конструктивистік теориясына сәйкес, оқушылар нені таныды, нені жасауға үйренді, қандай дағдыларды меңгерді деген негізде өз түсінігін құрушы адам ретінде қарастырылады [Piaget, 1967]. Яғни, оқуды жаңа ақпаратты түсіну және оқушының тәжірибесін трансформациялау үшін қолдану қажет [Выготский, 1966]. Бұл оқушылардың өз дағдыларын дамытуға, оларды болашақта рефлексия арқылы негізгі қағидаттарды абстракциялау көмегімен қолдануға мүмкіндік береді [Darling-Hammond, Wentworth, 2010].

Оқудың әлеуметтік-конструктивистік теориясына сәйкес оқушылардың ойлауын дамыту әлеуметпен (социуммен) өзара үйлесімді қарым-қатынас жасау есебінен қамтамасыз етіледі, яғни, «бар» білім әртүрлі дереккөздерінен (мұғалім, құрдасы, оқу ресурстары) «алынған» біліммен өзара әрекеттесіп «абсолютті жаңа» білім құрайды. Оқытудың әлеуметтік-конструктивистік теориясының идеясына негізделген бағалау, көптеген елдерде түрлі деңгейде кеңінен қолданылатын, қалыптастырушы бағалау тәжірибесін өзектілігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### ***Оқу мақсаттарының таксономиясы***

Оқу мақсаттары оқушылардың ілгерілеуін көрсету үшін тиімді пайдаланылуына болады. Критериалды бағалау жүйесінде оқу мақсаттары ерекше маңызды, өйткені олар критерийлерді түсінікті анық және жеңіл формада құрастыруға мүмкіндік береді.

Әр оқу бағдарламасында оқу мақсаттары оқушылардың пәнді меңгеруде дамытуы қажет білім мен дағдыларын анықтайды. Осы дамытуды бақылау және күтілетін нәтижелерді анықтау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында Б.Блумның таксономиясы қолданылады. Б.Блум таксономиясы оқу бағдарламаларында негізгі бағыт болып табылады.

Оқу мақсаттарының таксономиясы [Bloom, 1956] ойлау дағдыларының алты деңгейін болжайды:

**Білу** – өтілген материалды дәйек, жағдай, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы есте сақтауды растау.

**Түсіну** – материалды бір формадан екінші формаға ауыстыру, материалды интерпретациялау, оқиғаның барысын болжау.

**Қолдану** – жаңа білімді, әдістерді және ережелерді басқа түрде (нұсқада) қолдану.

**Талдау** – біртұтас нысанды, оның болмысын жақсы түсіну және меңгеру

үшін ұсақ бөліктерге ажырату.

**Жинақтау (синтез)** – жекеленген түсініктерді тұтас түсінік ретінде біріктіру үдерісі. Жаңа үлгіде элементтерді түрлі әдістермен қиыстыру немесе баламалы шешімдер ұсыну арқылы ақпаратты жүйелеу.

**Бағалау** – анықталған стандарттар мен критерийлердің негізінде нысанның жетістіктері, кемшіліктері, құндылықтары, маңыздылығы мен басқа да сипаттарын анықтайтын үдеріс.

Таксономиялық тәсіл бағалау критерийлерін оқу мақсаттары ойлау дағдыларының таксономиясы деңгейлеріне сәйкес құрастыруға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесінде бағалау критерийлері ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша үш топқа бөлінген: білу және түсіну; қолдану; жоғары деңгей дағдылары (талдау, жинақтау және бағалау).

### ***Сөйлеу әрекетінің теориясы***

Тілдік пәндерді оқыту сөйлеу әрекеттерінің [Зимняя, 1973] толық сипаттарын меңгеріп, өз бетінше қалыптастыру тұрғысынан жүзеге асырылуы қажет. Сөйлеу әрекеттерінің түрлері келесі дағдыларды қамтиды: ақпаратты еске түсіру дағдысы ретінде – айтылым мен жазылым, сондай-ақ, ақпаратты қабылдау дағдысы ретінде – тыңдалым мен оқылым.

Бағалау критерийлері аясында тілдік пәндер үшін ұсынылған МЖМББС-нда сөйлеу әрекеттері дағдылары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес оқушылардың не істей алатыны, коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері қандай мақсатта тексерілуі қажет екендігі анықталады.

### ***Жақын арадағы даму аймағы***

Жақын арадағы даму аймағы – бұл Л.С. Выготский енгізген, «баланың қойылған міндеттерді өз бетінше шешу қабілеті анықталатын дамудың нақты деңгейі және үлкендердің немесе қабілетті құрдасының көмегімен күрделі тапсырманы шеше алу қабілеті анықталатын дамудың әлеуеттік деңгейі» [Выготский, 1978] арасындағы аймақты білдіреді.

Осылайша, қалыптастырушы бағалау үдерісінде оқушыға мұғалім немесе қабілетті құрдасы қолдау көрсеткен кезде оның дамуы жақын арадағы даму аймағында өтеді.

### ***Скаффолдинг теориясы***

Скаффолдинг теориясы Л.С.Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы түсінігімен тығыз байланысты, оқыту ең әуелі, когнитивтік емес, әлеуметтік, тұлғааралық деңгейлерде болады деп есептеледі. Аталған дәйектерге қарамастан, Л.С. Выготский «скаффолдинг» терминін ешқашан қолданбағанымен [Stone, Clark, 2001], ол адамның когнитивтік дамуындағы әлеуметтік өзара әрекеттің маңызды рөлін атап көрсеткен.

Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу) – оқушыға жақын даму аймағымен жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесуі үшін мұғаліммен көрсетілетін интерактивті қолдау [Глоссарий, 2012].

Скаффолдингтің заманауи теориясы – бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың арасындағы өзара сеніміне негізделген серіктестік. Қалыптастырушы бағалау тәжірибесінде мұғалім орындайтын маңызды функцияларының бірі оқушыларды оқу үдерісінің барысында қолдау және қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету [Bruner, 1976], болып табылады.

«Скаффолдингтің» негізгі сипаттамалары:

1. Ортақ мақсаттардың болуы. «Скаффолдинг» үшін аса маңызды жағдай «интерсубъективтіліктің» болуы [Rogoff, 1990], яғни, ол екі субъектінің ортақ түсініктерінің болу жағдайы. Интерсубъективтілік оқудағы нәтижелер үшін мұғалім мен оқушының ортақ жауапкершілігі ретінде қарастырылады.

2. Ағымдық диагностика және бейімделген қолдау. Скаффолдингтің маңызды ерекшеліктерінің бірі мұғалім оқушыларға қажетті «бірте-бірте» қолдау көрсету үшін олардың ілгерілеуін үздіксіз бағалап отыруы. Сондықтан мұндай өзара әрекет «оқушыға қажетті дағдыларды меңгеруге және тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауына көмектесуі керек» [Wood, Bruner, Ross, 1976].

3. Диалог және өзара әрекет. Мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттері скаффолдингте диагностикалық болып табылады. Бұл оқушыларды селқос (пассивті) білім мен тәжірибе алушы емес, сұрақтар/тапсырмаларды шешуде белсенді қатысушы, серіктес ретінде көруге мүмкіндік береді. Өзара әрекет диалогтің арқасында мүмкін болады [Palincsar, Brown, 1984], яғни мұғалім мен оқушы немесе оқушы мен оқушы арасындағы әңгімелесулері.

4. Қолдауды азайту және жауапкершілікті тапсыру. Скаффолдинг жағдайларының бірі оқушыларға мұғалім тарапынан көрсетілетін қолдау көлемін біртіндеп азайту [Wood, Bruner, Ross, 1976]. Біртіндеп бұл оқушыға өз оқуына деген жауапкершілікті толық тапсыруға әкелуі керек.

### ***Қалыптастырушы бағалау теориясы***

Қалыптастырушы бағалау балл және баға қоймай, оқушы мен мұғалім арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл оқушының өзекті мүмкіндіктерін анықтауға, қиындықтарды табуға, ынталандыруға, оқу мен тануға еліктіруге, ең жақсы жетістіктерге жетуге көмектесуге, оқу үрдісін уақытылы түзетуге, оқушының кәсіпқойлық шеберлігін дамытуға

мүмкіндік жасайды [Shepard, 2000; Pellegrino, Chudowsky, Glaser, 2001; Heritage, 2010; Wiliam, 2009]. Ең алдымен бұған мұғалім мен оқушылардың сабақ бойы сандық көрсеткіштерге емес, өздерінің білімдік қызметтерін сапалық талдауды бағдарға алуы арқылы қол жеткізіледі.

Блэк пен Уильям қалыптастырушы бағалау бес негізгі стратегиядан тұратынын анықтайды:

- күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін түсіндіру;
- оқушының түсінгенін көрсететін сыныптағы өзара әрекеттестік және тиімді талқылауды қалыптастыру;
- оқушылардың жетістіктерге жетуін ынталандыратын кері байланысты беру;
- оқушыларды өзара оқытудың дереккөздері және ресурстары ретінде тарту;
- оқушының өз білімінің «құрушысы» ретінде қалыптасуы [Black, Wiliam, 2009].

Қалыптастырушы бағалау теориясы аясында оқушыларды қолдау үдерісінің негізі төмендегідей үш сұрақтан тұруы қажет: «оқушылар оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?» бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысады (мұғалім, сыныптас және оқушы), бұл 1-кестеде көрсетілген [Wiliam, Thompson, 2007].

### 1-кесте. Қалыптастырушы бағалаудың аспектілері

Агенттер	Оқушы білім алуда неге талпынады?	Оқушы оқытудың қай сатысында?	Оқушы қойылған мақсатқа қалай жетеді?
Мұғалім	Күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін түсіндіру	Оқушылардың түсінігін айғағы ретінде қызмет ететін сынып ішіндегі пікірталасты және басқа оқу міндеттерін тиімді қалыптастыру	Оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыратын кері байланыс беру
Құрдас	Күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлері туралы ортақ түсінігін қалыптастыру	Оқушыларды өзара оқыту құралдары және ресурстары ретінде пайдалану	
Оқушылар	Күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлері туралы түсінігін қалыптастыру	Оқушылардың өз білімінің «жасаушылары» ретінде қалыптасуы	

Сыныптағы қалыптастырушы бағалаудың мәдениеті мен тәжірибесін дағдыландыру бағалау жүйесін реформалау үрдісіндегі әрекеттердің күрделі бағыттарының бірі болып табылады. Мұғалім санасының философиясында туындаған асимметриямен байланысты, санада қабылданатын объект бұрынғы қалыптасқан пікірі мен артықшылықтарына сәйкес емес жағдайда туындайды. Сана философиясына сәйкес асимметрияның болуының жақсы жақтары да бар: нысананы қабылдауда объективтілікті арттырады, ол асимметрияны тудырады және оның дамуына әкеледі. Демек, қалыптастырушы бағалауға сыни және күмәнмен қараған мұғалімдер қалыптастырушы бағалаудың негізінде алынған нәтижелерді бұдан әрі объективті түрде бағалауы мүмкін. Өз кезегінде бұл педагогикалық қоғамда ынталандыратын және қолдайтын кәсіби орта қызмет жасайды деген шартпен мұғалімге өз тәжірибесінде шынайы өзгерістер мен жақсы нәтижелерді алуға мүмкіндік береді.

### ***Білімді толық меңгеру теориясы***

Б.Блумның білімді толық меңгеру теориясы [Bloom, 1968] жақсы оқитын оқушы мен нашар оқитын оқушы нәтижелерінде 90% айырмашылықты түсіндіретін негізгі үш факторды анықтайды.

Бірінші фактор оқушылардың жаңа тапсырмаларды шешуді меңгеріп, оқу үдерісіне бейімдей алатын түрлі білімі мен қабілеттерін диагностикалауды көздейді. Бұл нәтижелердің қорытынды айырмашылығын 50%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Екінші фактор оқуды ынталандыруға ерекше әсер ететін, алғашқы келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталған эмоционалдық қолдау көрсетуді көздейді. Нәтижесінде қорытынды жетістігінің айырмашылығын 25%-ға дейін қысқарту мүмкін болады.

Үшінші фактор оқу ортасы мен уақытты есепке ала отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде жеке қолдау мен марапаттауды ұсынады. Осылайша, қорытынды нәтижелері тағы 25% ерекшелікті қысқартуы мүмкін.

Білімді толық меңгеру теориясы жиынтық бағалау кезінде балдарды есептеу әдістемесі мен баға қою механизмін анықтаудың негізі болып табылады. Тоқсандық жиынтық бағалау мен бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудағы балдардың түрлі әсер етуі тоқсанның соңына дейінгі қорытынды бағаны жақсартуға мүмкіндік береді. Демек, тоқсан барысында оқушылар алғашқы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмыста төмен балл алса, онда қорытынды нәтижені жақсарту мүмкіндігі сақталады.



Осылайша, критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық негіздері оқыту және бағалау үрдісінде оқушы тұлғасының когнитивті, аффективті және әлеуметтік салаларының даму ерекшеліктері есебін (тіркеуді) қарастырады

2-кестеде бағалау үрдісіне әсер ететін теориялық негіздер сипаттамасы берілген.

**2-кесте. Критериалды бағалау жүйесінің негізгі идеялары**


Әдістеме	Негізгі идеялар	Бағалау үдерісіне әсері
Құзыреттілік тәсілдеме	Құзыреттілік тәсілдеме тұлғаның іс-әрекеттерге дайындығының қажеттілігін және өмірлік-қажетті құзыреттіліктерді алу арқылы социумда қызмет етуін анықтайды. Құзыреттілік тәсілдемесі нәтижелерін ұсынатын деңгейлердің бірі функционалдық сауаттылық болып табылады.	Оқу бағдарламасын меңгеру оқушының білім, білік, дағдыларында, қабілетінде, тәжірибесінде (функционалдық сауаттылық) көрсетілген күтілетін нәтижелер арқылы бағаланады. Бағалау бақыланатын критерийлерге, бейімделген өлшеуге негізделген.
Кері дизайн	Кері дизайнде білім беру үдерісін жобалау: оқу бағдарламасы – бағалау жүйесі – оқыту мен оқу үдерісі.	Кері дизайндегі білім беру үдерісін жобалауға ықпал ететін оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары бойынша бағалау құралдарының (критерийлер, ойлау дағдыларының деңгейі, тапсырмалар, дескрипторлар және т.б.) үлгілерінен тұратын оқу-әдістемелік материалдар, спецификациялар. Тоқсандық бағалаудың стандартталған рәсімдері мұғалімдердің жауапкершілігін арттырады, кәсіби өзара әрекеттер мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.
Оқытудың әлеуметтік-конструктивтік теориясы	Оқушылар бағалаудың пассивті нысана болуды қояды, аталған үдерісті «жасаушы» болады.	Оқушылар «не», «қалай», «неге» бағаланатынын түсінеді. Бұл оқушылар мен мұғалімдердің жауапкершілігі және өзін-өзі реттеу, өзара әрекет ету, кері байланыс беру сапасын арттырады. Бағалаудың нәтижелері мониторинг, жан-жақты талдау жасауға мүмкіндік береді, сабақты жоспарлауда қолданылады.
Оқу мақсатының таксономиясы	МЖМББС ұсынылған күтілетін нәтижелерге сәйкес, оқу мақсаттарының классификациясы алты ойлау дағдыларының деңгейін анықтайды (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау).	Бағалау критерийлері оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкестендірілген және ойлау дағдылары үш деңгейге бөлінген: білу және түсіну; қолдану; жоғары деңгей дағдылары (талдау, жинақтау, бағалау). Бұл бағалау үдерісін дифференциялауға мүмкіндік береді.

Сөйлеу әрекеттерінің теориясы	Тілдік пәндерді оқу өзінің спецификасы мен сипаттамасы бар сөйлеу әрекеттерінің түрлері бойынша жүзеге асырылады. Сөйлеу әрекеттерінің түрлері мынадай дағдыларды қамтиды: ақпаратты есте сақтау (айтылым мен жазылым) және қабылдау (тыңдалым және айтылым).	Сөйлеу әрекеттерін бағалау барлық сөйлеу әрекеттерінің өзара байланысы мен олардың сипаттамалары арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері 4 сөйлеу әрекеттері түрлеріне дифференцияланған: тыңдалым; айтылым; оқылым; жазылым.
Жақын даму аймағы	Баланың қойылған міндеттерді өз бетінше шешу қабілеті анықталатын дамудың нақты деңгейлері арасындағы аймақты және үлкендердің немесе қабілетті құрдасының көмегімен күрделі тапсырманы шеше алу қабілеті анықталатын нақты даму деңгейлері арасындағы аймақ [Выготский, 1978].	Қалыптастырушы бағалаудың тәжірибесі мен құрылымы өзекті болады. Рәсімдер мен бағалау нәтижелерінің анықтығы, қолжетімділігі, объективтілігі оқушылардың жеке траекториясын құрауға ықпал етеді. Қалыптастырушы бағалаудың құралдары мен әдістерінің әртүрлілігі, толықтығы, сапасы, оларды қолдану дифференциациясы оқушылардың мақсаттылығын, жауапкершілігін дамытады, өз бетінше оқуға дағдыландырады.
Скаффолдинг теориясы	Оқушыларға қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету мақсатында оқу мен бағалау үдерісі кезінде қолдау көрсету [Bruner J.S., 1976].	
Қалыптастырушы бағалау теориясы	Бағалау негіздері «оқушы өз оқуында неге талпынады?», «оқушы оқудың қай сатысында?» және «олардың нәтижеге жетуіне көмектесу үшін не істеу қажет?» сұрақтарынан тұрады.	
Білімді толық меңгеру теориясы	Оқушылардың жетістігіндегі айырмашылықтарды үш фактор арқылы қысқартуға болады: 1. Оқушылардың қажеттілігіне қарай білім беру үдерісін бейімдеу мен бастапқы айырмашылығын диагностикалау; 2. Оқушылардың алғашқы сәтсіздіктен көңілін қалдырмау арқылы ынталандыруын, қолдау; 3. Марапаттау және жеке тәсілдер.	Қалыптастырушы бағалау оқушылардың қажеттіліктерін, оқу үдерісін жетілдіруді анықтауға ықпал етеді. Оқушылар бағасының 50% тоқсан барысында бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижесінде жинақтайды, 50% - тоқсандық жиынтық жұмыстар нәтижелерінен жинақталады. Жиынтық жұмыстары балл салмағының түрлі болуы ынталандыруды қолдап, тоқсанды аяқтауға дейінгі қорытынды бағаны жетілдіру мүмкіндігін сақтайды. Тапсырмаларды орындау барысында әр кадамды тіркеу арқылы «жинақтау» әдісі оқушылардың оқуға деген қызығушылығына жағдай жасауға мүмкіндік береді, олардың дамуының болашағын анықтайды.

#### 4. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны мен құрылымы

Критериалды бағалау жүйесінің әдістемесі педагогикалық өлшеулер аясындағы қолданылып жүрген трендтермен салыстырулар ғана емес, еліміздегі әлеуметтік-мәдени даму ерекшеліктерін есепке алатын жаңа стандарттар мен бағалау механизмдерін құрастыруға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалаудың құрылымы бағалаудың екі түріне негізделген: қалыптастырушы және жиынтық (4-сурет).



4-сурет. Оқушыларды критериалды бағалау жүйесінің құрылымы

**Қалыптастырушы бағалау** – бұл оқу тапсырмаларын, аталған оқу мен таным үдерісінің кезеңін орындау үшін міндетті бағаланатын сыныптағы күнделікті жұмыс барысын бағалау. Бұл оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін оқушының оқу үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші. Ол оқушының қиыншылығын анықтап, жақсы нәтижеге жету мүмкіндігін арттыруға көмектеседі. Оқушының оқуда жіберген ағымдағы олқылықтарын мұғалімнің, құрдасының ұсыныстарын, қалып қойған немесе қосымша тапсырмаларды ескере отырып, толықтыруға мүмкіндігі болуы қажет.

**Жиынтық бағалау** – бұл белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы) аяқтаған кезде, сондай-ақ, оқу бағдарламасына сәйкес бөлімді меңгерген соң өткізілетін бағалаудың жинақтаушы түрі.

Жинақтау жүйесі оқушылардың тек жетістіктерін тіркейді, сондықтан оқушыларды өз бетінше оқу-танымдық әрекеттерге, оқу бағдарламасын толық меңгеруге белсенді ынталандырады.

Бағалау стандарттары, әдістері мен құралдары бағалау түрлері мен пәндік спецификаға байланысты ерекшеленеді.

#### **4.1. Қалыптастырушы бағалау**

Оқушылардың оқу жетістіктері мониторинг, бақылау, бағалау рәсімдері барлық уақытта не, кіммен, қашан бағаланады, тиімді бағалау формалары нені білдіреді деген сұрақтар туындатып келді. «Қара жәшік ішінде» іргелі зерттеуі оқушылардың оқуына қолдау көрсетуде бағалаудың әлеуетті тиімділігін көрсете отырып [Black, Wiliam, 1998], білім беру саясатын «оқу нәтижелеріне жету үшін бағалау» халықаралық танымал трендіне бағдарлауға түрткі болды.

Бүгінде қалыптастырушы бағалау немесе оқу үшін бағалау тәжірибесі нық бекіді және жетекші елдердің барлық бағалау жүйелерінде дамып келеді (ЭЫДҰ, Білім беруді зерттеу және инновациялар орталығы (CERI), 2005, 2008; Дүниежүзілік банк, 2009). Когнитивті және әлеуметтік-мәдени теория идеяларын біріктіретін әлеуметтік-конструктивизмге негіздей отырып [Shaperd, 2000], қалыптастырушы бағалау сыныптағы мәдениетке әсер етті, мұғалімнің пікірі мен көзқарасын өзгертудің негізін қалады. Ол өз алдына, мұғалім мен оқушының серіктестігі мен өзара интерактивті әрекетін көрсетеді.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістемесі қазақ классигі Мағжан Жұмабаевтың идеяларымен толық сәйкес келеді: «Балада жақсы оқысам молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды» (1922). Бағалау жүйесі оқушыларды білім мен дағдыны алу үдерісінің құндылығына бағытталуы қажет, тек қана баға «үшін» және алған сәтке «дейін» оқу материалын жаттауға емес. Америкалық психолог Альфи Конның ойынша, балаларының біліміне шын мәнінде қызығушылық танытатын мұғалімдер мен ата-аналар, бағалардың бар екенін тезірек ұмыттыруға көмектесуі үшін қолдарынан келгенін жасауы керек [Кон, 2017].

Оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды.

Қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни, әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауға қатысты тәжірибесін белгілейді, құрады және нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру кезінде мұғалімдерге төмендегілерді анықтау ұсынылады:

1. Нені бағалау қажет? Қандай білім мен дағдылар бағалауды және талдауды қажет етеді?
2. Бағалауды қалай өткізу керек? Қандай әдістер қолданылуы мүмкін?
3. Бағалау қорытындысында қандай нәтижеге жетуге болады?
4. Бұл нәтижелерді мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар және т.б. қандай жағдайда қолдана алады?

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырудың бастапқы кезеңінде мұғалімдерге бақылау қорытындысы бойынша оқушылардың нәтижелерін талдау, журнал, күнделік және т.б. түрінде кері байланыс беру, жазба жұмысын жүргізу ұсынылады (*Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімнің күнделігін қараңыз*).

Дәстүрлі түрде мұғалім оқушылардың оқыту мен бағалануына жауапты тұлға ретінде қарастырылады. Алайда оқуда оқушы мен оның құрадастарының да маңызды рөл атқаратынына назар аудару қажет. Көп жағдайда мұғалім оқу ортасын құруға және тиімді еңгізуге ғана жауапты болса, оқушы осы ортада оқуға және жетістіктерге жетуге жауапты. Оқуда жауапкершілік мұғалімге де, оқушыға да қатысты (серіктестік құқық тілінде «ортақ жауапкершілік») болғандықтан, екі жақ та нәтижедегі кез келген сәтсіздікті жеңілдету үшін максимум жағдайда күш салуы қажет.

## **4.2. Жиынтық бағалау**

Бағалаудың барлық үдерісі эмоцияны барынша шығындайды, сондықтан бағалауда жағымды климат құру жолдарын іздеуді талап етеді [Farrell, 1994]. Бағалауды жүзеге асыру объективтілік пен валидтілікті қамтамасыз ету катал талаптарымен қатар сапалы, реттілігі бар, айқын бағалауды өткізу қажеттілігін туындатады [Steedle, Kugelmass, Nemeth, 2010; Daugherty, Black, Ecclestone, James, Newton, 2008].

Жиынтық бағалау кезінде оқушыларда қобалжу факторының болатынына қарамастан, әлемдік теория мен тәжірибе аталған бағалау түрі оқу нәтижелеріне оң әсер ететіні анықталды. Оқушылар барынша тырысады және оқиды, нәтижесінде жиынтық бағалауда қажетті білім мен дағды көлемі жақсы меңгеріледі. Мысалы, Крукс, жиынтық бағалаудың артықшылықтарын үш фактормен түсіндіреді [Crooks, 1988]. Біріншіден, қорытынды бағалау оқушылардан материалды қайта қарау, қайта оқу, қорытындылауды қажет етеді. Екіншіден, бағалау тәжірибесі оқушыларды контентті ойша өңдеуге мәжбүрлейді, дегенмен бұл көбіне тест сұрақтарының сапасына да байланысты. Үшіншіден, тест оқушыларды оқуда бағаланатын тақырыптар

мен дағдыларға назар аударуға бағыттайды, ол өз алдына оқушының үлгеріміне әсер етеді.

Критериалды бағалау жүйесіндегі жиынтық бағалау балл мен баға қою арқылы өткізіледі және оқушылардың оқудағы ілгерілеуі туралы ақпаратты мұғалімдерге, оқушыларға және олардың ата-аналарына ұсынады. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеуге, анықтауға мүмкіндік береді. Тіркеу үдерісінде оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес оқушылардың білімі мен дағдысын көрсететін дәлелдер жинақтау жүзеге асырады.

Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім деңгейін аяқтағанда (негізгі, жоғары мектеп) өткізіледі.

Оқушылардың оқу нәтижелерін тиімді, стандартты бағалау үшін мақсаттар мен оқуда күтілетін нәтижелерге сәйкес критерийлер, дифференциалды тапсырмалар құрастырылады. Мұндай бағалау құралдары тек білім деңгейін ғана анықтап қоймай, оқушылардың барынша жоғары деңгейдегі білімі мен ойлау дағдыларын: талдау, жинақтау, бағалауды қолдану қабілетін анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау құралдарын құрастыру механизмі 5-суретте берілген.



**5-сурет. Жиынтық бағалау бойынша құралдарды құрастыру механизмі**

Ашық және жабық түрдегі тапсырмалардың жаңа форматы сабақта оқушылардың жас ерекшелігіне, оқу мақсаттарына қарай қарапайымнан күрделілігіне қарай күрделендіріп қолдануға мүмкіндік береді. Критерийлерді үш ойлау дағдылары тобына бөлу (оқу материалын білу және түсіну; оқушылардың білік пен дағдыларды оқуда қолдануы; оқушылардың талдау, жинақтау дағдылары, өз білімдері мен тәжірибелері негізінде бағалауды өткізу) сыныпта оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін басқару, тиімді мониторингілеу, дифференциалды оқудың негіздемесі ретінде қызмет етеді. Мысалы, егер оқушылар жоғары деңгей дағдыларымен берілген тапсырмаларды 20%-дан төмен, ал қолдану дағдысындағы тапсырмаларды 80%-дан төмен орындаса мұғалім бұл жағдайға көңіл аударып, оның шығу жолдарын анықтауы қажет.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау кезінде барлық тапсырмалар дескрипторларға сәйкес (тапсырманы орындауы барысында қадамдарын сипаттау) немесе тоқсандық жиынтық бағалау кезінде балл қою кестесіне сәйкес тексеріледі. Сонымен қатар, дескрипторлар немесе балл қою кестесі мұғалімнің әр оқушыға қатысты объективті шешім қабылдауына көмектеседі. Аталған ақпарат қалыптастырушы бағалау кезінде де әрі қарай жоспарлау, қателіктердің алдын алу, сындарлы кері байланыс беру үшін қолданылуы мүмкін.

Пәндер бойынша әдістемелік бірлестіктерге жиынтық бағалаудың барлық түрлеріне бақылау тапсырмаларын, әдістерін, оқу жылындағы өткізілу кезеңдерін қамтып, жиынтық бағалауды жоспарлау ұсынылады. Бұл оқушылардың жүктемесін рационалды бөлуге және графикті анықтауға мүмкіндік береді.

**Оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау** оқу бағдарламасына және оқу жоспарына сәйкес бөлімді немесе ортақ тақырыпты меңгеруді аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалау түрінің нәтижесінде оқушыларға тоқсандық баға кезінде есептелетін балдар қойылады. Аталған бағалауды сабақта 15-20 минуттан артық емес уақытта ұйымдастыру ұсынылады.

Оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үшін тапсырмаларды оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес мұғалім өзі құрастырады. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау өткізуге қатысты тапсырмалар үлгісі берілген.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау критериалды бағалау ережесіне сәйкес жүргізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны оқу

жылының басында нұсқаулық құжаттар арқылы бекітіледі, пәндер бойынша оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес анықталады:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер – бөлім бойынша;
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер – ортақ тақырыптар бойынша;
- тілдік пәндер – сөйлеу әрекеттері түрлері бойынша. Тоқсанда 2 жиынтық бағалау өткізіледі: тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым.

Бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша бағалауға жататын оқу мақсаттарының саны пәнге қатысты әртүрлі болуы мүмкін. Сәйкесінше жиынтық бағалау рәсімдерінде де айырмашылықтар болуы мүмкін: жобалық, бақылау немесе лабораториялық жұмыстар, жазбаша не ауазыша таныстырылым және т.б.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үшін тапсырмаларды құрастыру кезінде мұғалім жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста берілген үлгілерді қолдануына, не болмаса талаптарға сәйкес өз бетінше құрастыруына болады.

Жиынтық жұмысының нәтижесі бойынша мұғалімге оқушылардың оқу жетістігі деңгейін анықтау жолымен оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады.

Оқушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің жалпы сипаттамасы 3-кестеде берілген.

### **3-кесте. Оқушылардың оқу жетістігі деңгейінің сипаттамасы**

Деңгейлер	Сипаттама
Төмен деңгей	<ul style="list-style-type: none"> <li>• пәндік терминдер мен ұғымдарды элементарлық білу және түсінуін көрсетеді</li> <li>• қарапайым тапсырмаларды орындайды және тікелей көрсеткіштерге сәйкес орындау рәсімдерін ескереді</li> <li>• ақпараттарды әртүрлі формалар (кестелер, гарфиктер, диаграммалар) негізінде қарапайым қорытынды шығарады</li> <li>• қарапайым тапсырмалардағы шаблондарды таниды</li> </ul>
Орта деңгей	<ul style="list-style-type: none"> <li>• пәндік терминдер мен ұғымдарды жеткілікті түрде білу және түсінуін көрсетеді</li> <li>• типтік тапсырмаларды орындайды және таныс, кейбір таныс емес жағдайларда білімді тиімді қолданады</li> <li>• ақпараттарды жалпылайды, ішінара негіздеп қорытынды жасайды және алынған нәтижелерге дәйектер келтіре алады.</li> <li>• типтік тапсырмалардың шаблонын таниды, оны шешудің стандартты жолдарын ұсынады</li> <li>• оқу бағдарламасының басқа саласындағы білімді, білікті, дағдыны міндеттердің тиянақталған жинағын шешу үшін кіріктіреді</li> </ul>



Жоғары деңгей	<ul style="list-style-type: none"> <li>• пәндік терминдер мен түсініктерді терең білетінін және түсінетінін көрсетеді</li> <li>• күрделі тапсырмаларды орындайды және жағдайдың кең ауқымында білімін тиімді қолданады</li> <li>• түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды жинақтайды және толық негіздемемен қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге логикалық реттілігі бар, нақты дәйектер келтіреді</li> <li>• күрделі тапсырмалардың шаблонын анықтайды, баламалы және стандартты емес шешу жолдарын ұсынады әрі қолданады</li> <li>• тапсырмалардың кең ауқымды шешімі үшін оқу бағдарламасының басқа салаларынан білімді, білікті, дағдыларды кіріктіреді, түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңызы мен негізділігін бағалайды</li> </ul>
---------------	---

Оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша орындалған жиынтық жұмыстардың нәтижелері оқушылар үшін және оларды әрі қарай ынталандыру үшін түсінікті болуы қажет. Кері байланыс оқушылардың жеткен оқу жетістігі деңгейлері туралы ақпараттар мазмұнынан тұруы тиіс. Аталған ақпарат рубрика түрінде ұсынылуы мүмкін (*Пәндер аясындағы жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарды қараңыз*).

**Тоқсандық жиынтық бағалау** оқу бағдарламасы мазмұнын білу, түсіну, дағдылары туралы дәлелдерді ұсынатын және тоқсандық оқудағы ілгерілеуді өлшейді. Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын, тоқсан соңында балл қою арқылы өткізіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау әртүрлі бақылау-тексеру жұмыстарын өткізуді қарастырады (жұмыс форматы шектеулі емес, пәндік ерекшеліктерге қарай және оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары есепке алынып, анықталады).

Жиынтық бағалау жұмыстарын құрастыру кезінде талдау, жинақтау, бағалау сияқты жоғары деңгей дағдыларын тексеруді ескере отырып, түрлі ойлау дағдыларының деңгейлеріне жеткенін көрсететіндей, түрлі деңгейдегі тапсырмаларды енгізуді есепке алу қажет.

Аталған бағалау рәсімдерін жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде тапсырмалар үлгілерімен берілген тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы қолданылады (*Пәндер аясындағы тоқсандық жиынтық бағалау бойынша спецификацияны қараңыз*).

Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы құрылымын, рәсімдердің мазмұнын анықтайды және төмендегідей ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу: жиынтық жұмыстың ұзақтығы,

бағалау құрылымы, тапсырмалар саны, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы.

- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқаулар;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгісі;
- тапсырмаларға қатысты балл қою кестесі.

Әр мектептің берілген үлгіні қолдануына немесе өз бетінше құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес барлық параллель сыныптар үшін бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады.

Тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін: диктант, мазмұндама, эссе, тест, лабораториялық жұмыстар, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б.

Тоқсандық жиынтық бағалауға байланысты бағалауды стандарттау мақсатында оқушылар жұмысының нәтижелерін мұғалімдердің талқылауы үшін белгіленген модерация үдерісі жүргізіледі. Модерация бір параллельде сабақ беретін мұғалімдердің қатысуымен өткізіледі. Олар мұғалімдердің балл қою кестесі бойынша бірдей түсінігін қамтамасыз ететіндей нақты бір пән бойынша алдын ала бағаланған жұмыстарды талқылайды. Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін модерациялау қорытындысы бойынша балдардың жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін екенін есепке алу қажет. *(Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы. Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібін, Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулықты қараңыз).*

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу үдерісін жоспарлау үшін, оқытуда өз тәжірибесін жетілдіру және рефлексия үшін, сондай-ақ, оқушыларды, олардың ата-аналарын, білім басқармасы органдарын ақпараттандыру үшін қолданады.

### **Оқушылардың нәтижелерін тіркеу**

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері электрондық журналда тіркеледі және автоматты түрде есептеледі. Жиынтық бағалау нәтижелері оқушыларға, ата-аналарға тоқсан барысында және тоқсан соңында жүйелі ұсынылып отырады (4-кесте).

#### 4-кесте. Нәтижелерді тіркеу

Нәтижелер	Сипаттамасы
Әр бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмысына қойылған балл	Оқушылардың жинаған балдары мен оқу жетістігі деңгейі (жоғары, орта, төмен) рубрика түріндегі қағаз немесе электрондық түрде
Тоқсандық жиынтық жұмыстарға қойылған балл	Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясына сәйкес оқушылардың жинаған балдары.
Тоқсандық баға	Оқушылардың тоқсан барысындағы барлық жиынтық жұмыстардың балдары белгіленген пайыздық арақатынаста балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес бағаға ауыстырылады. Оқушылар бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмыстардың нәтижелері бойынша тоқсандық бағаның 50% жинайды, 50% тоқсандық жиынтық жұмыс нәтижелерінен жинайды.
Жылдық баға	Оқушылардың барлық тоқсандар бойынша жинақтаған балдарының максималды мүмкін балдарына қатысты пайыздық арақатынасы балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша бағаға ауыстырылады.

Тоқсанды аяқтаған кезде барлық бағалау түрлері бойынша нәтижелер білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына бірыңғай түсінікті, салыстырмалылықты, бағалаудың айқындығын қамтамасыз ету үшін балды «2»-ден «5»-ке дейінгі бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес есептеледі *(Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы. Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібін қараңыз.*

## Қорытынды

Педагогикалық теория мен тәжірибеде білімді бағалауға қатысты қайшылықтар орын алды. Бағалау жүйесіне оқушылардың сенімі болған жағдайда ғана баға оң әсер ете алады. Кез келген баға, ол оң болсын, теріс болсын, оқушылардың уәжіне (мотив) әсер етеді, олардың әрекеттері мен мінез-құлықтарын ыныталадырады, сондай-ақ тұлғаны толық дамытуға әсер етеді. Сондықтан объективті баға негізінде өз мінезін реттейтін оқушы келешекте жақсы нәтижелерге жету артықшылығына ие.

Критериалды бағалау оқушылардың оқу нәтижелері туралы объективті ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді. Ол оқушыларды ынталандыруға және оқу үдерісінде олардың ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін үнемі көмек беруге бағытталған. Бағалау стандарттары, дифференциалды критерийлерді және механизмдерді құру анықтықты, валидтілікті, объективтілікті, айқындықты қамтамасыз ететін бағалау рәсімдерінің сапасын арттырады, әр оқушының оқудағы қажеттіліктері мен халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жаңа критериалды бағалау жүйесі үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені кіріктіреді және білім беру сапасын арттырудағы нақты артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дұрыс қойылған басымдық пен анық критериалды бағалау жүйесінің әдістемесі:

- оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және анық бағалауға жетуіге;
- оқу, оқыту және бағалауды жетілдіру мен интеграциялауға бағытталған бағалау жүйесін жүзеге асыру механизмдерінің реттілігін қалыптастыруға;
- бағалау құралдарын құрастыруға, оның ішінде жоғары деңгей дағдыларының қалыптасқанын тексеру үшін;
- оқудың жеке траекториясын бақылау арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етуге (оқуға деген ынтасын, өзін-өзі реттеуін, жауапкершілігін, бірлесе жұмыс жасауын арттыру);
- тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық негізді ұсынуға (саясаттың тиімділігі, білім беру бағдарламаларын жетілдіру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және т.б.) мүмкіндік береді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Black, P. Wiliam, D. (1998) *Inside the Black Box*. King's College London.
2. Black, P. Wiliam, D. (2009) Pedagogical research: formative assessment. *Britain research journal*, Vol.29.
3. Bloom, B. Krathwohl, D. (1956) *Handbook I: Cognitive domain: Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals*. New York: David McKay Company.
4. Bloom, B. (1956) *Taxonomy of Educational Objectives*. Green. Longmans. New York.
5. Bloom, B. (1968) *Learning for Mastery*. University of California. Los Angeles.
6. Bloom, B. (1971) *"Mastery learning: Theory and practice."* New York, Longman.
7. Boyle, B. Charles, M. (2010) «Leading learning through assessment for learning», *School Leadership and Management*, 30(3), pp. 285-300.
8. Brennan, R. (2006) *Educational measurement*. 4th Edition. Westport, CT: Praeger Publishers.
9. Bruner, J. (1976) *Play: Its Role in Development and Evolution Hardcover*. New York: Basic Books.
10. Crooks, T. (1988) The impact of classroom evaluation practices on students. *Educational Research*, 58 (4), pp. 438-481.
11. Darling –Hammond, L. Wentworth, L. (2010) *Benchmarking learning systems: Students Performance assessment in international context*. Stanford, California: Stanford Center for Opportunity Policy in Education.
12. Daugherty, R. (1995) National Curriculum Assessment. *A Review of Policy 1987-1994*, London: Falmer Press.
13. Daugherty, R. Black, P. Ecclestone, K. James, M. Newton, P. (2008) *Membership, inclusion, self-worth: affinity towards or readiness to contribute to the group where learning takes place*. Annual Conference, Institute of Education, University of London.
14. Davis P., Hersh R. (1981) *The Mathematical Experience*. London: Penguin.
15. Farrell, E. (1994) *Self and school success: Voices and lore of inner city students*. University of New York Press, New York.
16. Glaser, R. (1963) Instructional technology and the measurement of learning outcomes: Some questions. *American Psychologist*. Vol. 18, pp. 519-521.
17. Heidi L, A. and Gregory J, C. (2010) An integrative summary of the research literature and implications for a new theory of formative assessment. *Handbook of Formative Assessment*. 1st Edition. New York: Routledge.

18. Heritage, M. (2010) *Formative Assessment: Making It Happen in the Classroom*. Corwin.
19. Mansell, W. James, M. and Assessment Reform Group (2009) *Assessment in schools. Fit for purpose? A Commentary by the Teaching and Learning Research Programme*. London: TLRP.
20. Nazarbayev University Graduate School of Education (2014) *Разработка стратегических направлений реформирования образования Республики Казахстан на 2015-2020гг. Диагностический отчет*. Астана: Индигопринт.
21. OECD/CERI International Conference (2008) "Learning in the 21st Century: Research, Innovation and Policy"  
<http://www.oecd.org/edu/ceri/oecdceriinternationalconferencelearninginthe21stcenturyresearchinnovationandpolicy15-16may2008.htm> [Accessed: 12 January 2015].
22. Palincsar, A. Brown, A. (1984) *Reading, thinking and concept development: Strategies for the classroom*. New York: The College Board.
23. Pellegrino, J. Chudowsky, N. & Glaser, R. (2001) (Eds.), *Knowing what students know: The science of design and educational assessment*. Washington, DC: National Academies Press.
24. Pellegrino, J. (2004) *The evolution of educational assessment: considering the past and imagining the future*. University of Illinois at Chicago. ETS.
25. Piaget, J. (1967) *Biologie et connaissance*. Paris. Gallimard: collection Idées.
26. Race, P. (1993) *Never mind the teaching, feel the learning*. Seda. Bermingham.
27. Rogoff, B. (1991) *Apprenticeship in thinking: cognitive development in social context*. Oxford University Press, Reprint edition.
28. SABER (2012) *Оценивание обучающихся*. Страновой отчет. Всемирный банк. Казахстан.
29. Shepard, L. (2000) The role of assessment in a learning culture. *Educational researcher*, Vol.29, №7, pp. 4-14.
30. Steedle, J. Kugelmass, H. Nemeth, A. (2010) What do they measure? comparing three learning outcomes assessments. *The Magazine of Hogher Learning* Vol.42 (4), pp. 33-37.
31. Stone, C. Clark, M. (2001) *School Counselors and Principals: Partners in Support of Academic Achievement*, pp. 46-53. Sage Journal.
32. Wiggins G., McTighe J. (2008) *Understanding by design*. Alexandria, Va.: Association for Supervision and Curriculum Development.
33. Wiliam, D. (2008) Changing classroom practice. *Educational Leadership*, Vol.65 (4), pp. 36-42.

34. Wiliam, D. Thompson, M. (2007) Five “key strategies” for effective formative assessment. *Assessment research brief*. National council of teachers of mathematics.
35. Wood, D. Bruner, J. Ross, G. (1976) The role of tutoring in problem solving. *Journal of Child Psychiatry and Psychology*, Vol.17 (2), pp.89-100.
36. Болотов, В. Вальдман, И. (2013) Виды и назначения программ оценки результатов обучения школьников. *Педагогика* №8, стр.15-26.
37. Велединская, С. Дорофеева, М. (2015) Смешанное обучение: технология проектирования учебного процесса. *Открытое и дистанционное образование*, Т. 2, №58, стр. 12-19.
38. Воронов, В. (2010) *Педагогические возможности рейтинговой накопительной системы оценивания учебных достижений школьников: дис.* Санкт-Петербург
39. Выготский, Л. (1956) Мышление и речь. *Избранные психологические исследования*. Изд.:Академия педагогических наук РСФСР. Москва.
40. Выготский, Л. (1978) *Развитие высших психических функций*. Изд.:Академия педагогических наук РСФСР. Москва.
41. Жумабаев, М. (1922) «Педагогика». *Научные статьи*. Оренбург.
42. Зимняя, И. (1973) Психология слушания и говорения. Лингвopsихология речевой деятельности. М: Московский психолого-социальный институт, Воронеж: НПО «МОДЭК».
43. Кларк, М. (2011) *Концептуальная схема (рамка) построения эффективной системы оценивания*. Всемирный банк.
44. Кон, А. (2017) *Наказание наградой. Что не так со школьными оценками, системами мотивации, похвалой и прочими взятками*. М.: Манн, Иванов и Фербер.
45. Қазақстан Республикасының Президенті Жарлық (2016) Білім және ғылым министрлігінің білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана.
46. Педагогикалық шеберлік орталығы және Кембридж университетінің білім беру факультеті (2012) Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий. Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
47. Постановление Совета народных комиссаров РСФСР (1944) *О введении цифровой пятибалльной системы оценки успеваемости и поведения учащихся начальной, семилетней и средней школы*. Москва. [Режим доступа: <http://lyceum.urfu.ru/offic/docs/101224195615.pdf>]









